

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Ақмола мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 наурыздағы N 249 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Ақмола мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қазақ мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*